

“2020 – 2022 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №51-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 68-1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 7945 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-1 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7155 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Жалағаш кентінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 674 531 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 78 230 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 2 090 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
 - трансферттер түсімдері – 594 211 мың теңге;
- 2) шығындар – 1 265 751,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 586 040,8 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттер – 586 040,8 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -586 040,8 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 586 040,8 мың теңге;

қарыздар түсімі – 586 040,8 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 5179,6 мың теңге.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының 68-сессиясының төрағасы

К. Сулейменов

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы

М. Еспанов

Жалағаш аудандық мәслихатының
2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 68-1

шешіміне қосымша

Жалағаш аудандық мәслихатының
2019 жылғы 27 желтоқсаны № 51-1

шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Жалағаш кентінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			Кірістер	674 531
1			Салықтық түсімдер	78 230
	01		Табыс салығы	48000
		2	Жеке табыс салығы	48000
	04		Меншікке салынатын салықтар	30 230
		1	Мүлікке салынатын салықтар	400
		3	Жер салығы	1830
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	28 000
2			Салықтық емес түсімдер	2 090
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1580
		5	Мемлекет меншігіндегі	1580

			мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	510
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	510
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	594 211
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	594 211
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	594 211
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
			Атауы	
			Шығындар	1 265 751,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	85 012,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	85 012,1
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін	73 889,1

			қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
		032	Ведомостволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	11123
		053	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару	0
04			Білім беру	358 008
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	358 008
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	358 008
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	53 736
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	53 736
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	53 736
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	115 311
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	115 311
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын	7265

			үй қорының сақталуын ұйымдастыру	
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	36037
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	14750
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	57259
12			Көлік және коммуникация	589 040,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	589040,8
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	589040,8
13			Баскалар	36 696
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	36 696
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	36 696
15			Трансферттер	27 947,5

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	27947,5
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	53,5
		051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	27894
			Таза бюджеттік кредиттеу	586040,8
			Бюджеттік кредиттер	586040,8
			Бюджет тапшылығы (профициті)	-586040,8
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	586040,8
7			Қарыздар түсімдері	586040,8
	2		Қарыз алу келісім-шарттары	586040,8
		04	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округі әкімінің аппараты алған қарыздар	586040,8
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	5179,6
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	5179,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК